



# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



mmgpress mangistaumunaygaz\_jsc

№11 (169), ЖЕЛТОҚСАН, 2023



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ МАҚСАТ



**2023 жылдың қараша айының 7-8-ші күндері «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Қаламқас, Жетібай кенорындарында Компания Басқармасының қатысуымен 2023 жылдың 10 айында атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі Компанияның тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының отырысы өткізілді. Жиналысқа құрылымдық бөлімшелер мен өндірістік құрылымдық бөлімшелердің басшылары, бас мамандар мен цех, учаске бастықтары қатысты.**

Жиналысты Компания бас директоры М.К. Мұстафаев ашты. Жиында Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Б.Б. Ләтіп өндірістік құрылымдық бөлімшелерде 10 айда атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Баяндамада Қауіпсіздік және

еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің кенорындардағы тексеріс нәтижелері мен орындалған бірқатар жұмыстар туралы айтылды.

2023 жылдың 9-шы қарашасында компания бас кеңсесінде мердігер ұйымдарымен 2023 жылдың 10



айында атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі компанияның тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының отырысы өтті.

Бұл отырысқа 30-дан аса мердігер ұйымдардың бірінші басшылары мен қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің мамандары қатысты. Компания бас директоры М.К. Мұстафаев төрағалық еткен бұл жиында Б.Б. Ләтіп мердігер ұйымдармен 10 айда атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Баяндамада мердігер ұйымдарда болған келеңсіз жағдайлар, тексеріс қортындылары сонымен қатар қауіпсіздік мәдениетін нығайту мақсатында болашақта бірігіп атқарылуы

қажет бірқатар жақсы ұсыныстар айтылды.

Алдағы уақытта мердігер ұйымдардың бірінші басшыларымен осындай жиналыстарды тоқсан сайын өткізіп тұру жөнінде және келесі жиналыс-тарда мердігер ұйымдар да атқарылған жұмыстары туралы есеп беріп тұратын болып келісілді. Сондай-ақ мердігер ұйымдардың бірінші басшылары, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, жол қозғалыс қауіпсіздігі жөнінде бірқатар міндеттемелерді қабылдады.

**Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қоршаған ортаны қорғау департаменті**



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# Қаламқастағы полимерлі суландырудың ұлғаюы

Қаламқас кенорнының Ю-1 «Центр» учаскесінде полимерлі суландыру жобасы және Ю-3 «СПС» учаскесінде өзара байланысқан полимерлік жүйелерді пайдалана отырып, мұнай беруді ұлғайтудың химиялық әдісінің технологиясы басталды.



көлемін тұрақтандыруға және ұлғайтуға, сондай-ақ осы учаскелердегі сулануды азайтуға бағытталған.

Оң нәтиже берген кезде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ осы технологияларды басқа ұқсас учаскелерде көбейтуді жоспарлап отыр, бұл мұнай алу коэффициентін ұлғайтуға және кен орнын пайдалану мерзімін ұзартуға ықпал етеді.

Жобаны іске қосу салтанатына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ басшылары, сондай-ақ «Атриум Ақтөбе» ЖШС, SNF SA, «ЕвразияГеохимТехинжиниринг» ЖШС басшылығы және т.б. қатысты.



Ағымдағы жылғы қарашаның басында Қаламқас кен орнында мұнай беруді ұлғайтудың химиялық әдістері технологиясының жобаларын ресми түрде іске қосу рәсімі өтті. Іс-шара аясында «Атриум Ақтөбе» ЖШС мердігерлік ұйымының командасы және француздық SNF компаниясы француз өндірісінің полимерлі ерітіндісін дайындау және айдау бойынша автоматтандырылған қондырғыны көрсетті

және Ю-1 «Центр» учаскесінде полимерлі суландыру технологиясын айдаудың пилоттық стартын жүзеге асырды. Сондай-ақ, «ЕвразияГеохимТехинжиниринг» ЖШС компаниясының Ю-3 «СПС» учаскесінде өзара байланысқан полимерлік жүйелерді пайдалана отырып, мұнай беруді ұлғайтудың химиялық әдісінің тағы бір жобасы іске қосылды. Бұл жобалар Қаламқас кен орнындағы өндіру



## Тәжірибе алмасу жалғасуда



Жуырда «TOTAL E&P DONGA» компаниясының аумағында өндірістік қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тәжірибе алмасу жұмыстары болып өтті. Шара «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау Департаменті басшылығының бастамасымен ұйымдастырылды. Оған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес тәуелді ұйымдарының мамандарымен бірге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (одан әрі - Компания) атынан Бас директордың геология және даму жөніндегі орынбасары Н.М. Құсайынов және Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысы М.Ш. Яшев қатысты.

«TOTAL E&P DONGA» компаниясы еліміздегі мұнай шикізатын өндірушілердің бірі. Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту мәселелеріне қатысты «TOTAL E&P DONGA» компаниясы тәжірибесінен аларымыз мол.

Бір күндік сапар аясында Компания өкілдері «TOTAL E&P DONGA» қабырғасында қолданылатын күнделікті өндірістік жұмыстарға наряд-рұқсат беру

жүйесі мен жұмыс орнындағы тәуекелдерді бағалау бойынша жүзеге асырылатын шаралармен, сонымен қатар, ұңғыманы күрделі жөндеумен айналысатын Мердігер ұйымдарының жұмыстарымен танысты. Бұл шаралардың тиісті деңгейде атқарылуы өндіріс ошақтарының аумағында апаттық жағдайлар мен түрлі тәуекелдердің алдын алуға, және ең бастысы - адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жол ашады. Сондықтан тәжірибе алмасу барысында игерілген тың білім мен жаңа ақпарат біздің Компанияның өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметіне енгізілсе, артық етпейтіні айдан анық.

Тәжірибе алмасу барысында жұмыс орындарының қауіпсіздігі мен өндірістік жарақаттанудың алдын алуға арналған тағы басқа көптеген мәселелер талқыланды. Сондай-ақ өндірістік тәуекелдерді басқару бойынша жұмыстарды жетілдіру және қауіпсіздік мәдениетін дамыту мақсатында тәжірибе алмасу шараларын жалғастыру алдымыздағы жылы өз жалғасын табатынына сеніміміз мол.

**Ләтіп Б.Б.,**  
ЕҚЖЕҚОҚД директоры

## Жемқорлыққа жол жоқ!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да ағымдағы жылы Қоғам Комплаенс қызметі құрылды, оның негізгі міндеті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады.



Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын-алу мәселелеріндегі неғұрлым пәрменді құралдардың бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу болып табылады, оның нәтижелері бойынша компания басшылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

Осыған байланысты, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, ағымдағы жылдың 15 қарашасы мен 15 желтоқсаны аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 2022 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жоспарлануда.

Компанияда мұндай талдау Комплаенс қызметінің бастамасымен алғаш рет жүргізілетін болғандықтан Маңғыстау облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл депар-

таментінде (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша арнайы іріктелген Қоғам қызметкерлері үшін семинар-оқыту өткізілді.

Оқытуды Маңғыстау облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының бірінші орынбасары Біржан Хайруллин өткізді.

Оқыту барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізгі қағидаттары мен тәртібі түсіндіріліп, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу тәжірибесінен мысалдар келтірілді, сондай-ақ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшылығына өздерін қызықтырған сұрақтарды қойды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ  
Комплаенс қызметі

## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

## Дін туралы түсіндірме жиын өтті



2023 жылдың 17-ші қарашасында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас офисінің акті залында Ақтау қалалық ішкі саясат бөліміне қарасты Қоғамдық даму орталығының теолог мамандары, Нұрлан Газимов, Өмірбек Әбдірахман және Жәнібек Құрбановтар компания қызметкерлерімен жат діни идеологияның және теріс пиғылды діни көзқарастардың қалыптасуының алдын-алу тақырыбында жиын өткізді.

Жиында жиналысқа қатысушыларға Қазақстан Республикасы дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың 2021-2023 жылдарға арналған кешенді-жоспары туралы

егжей-тегжейлі мәлімет берілді.

Атап айтқанда, зайырлы мемлекет және дін, діни толеранттылық және діни сенім бостандығы, діни конфессияаралық келісім, діни терроризм және экстремизмнің алдын-алу секілді тақырыптар бойынша түсініктер беріліп, діни фанатизм мен діни радикализм, олардың белгілері туралы кеңінен баяндалды.

Сонымен қатар жиналысқа қатысушы «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінің қызметкерлері өздерін толғандырып жүрген дінге қатысты сұрақтарына жауап алды.



## Ашық есік күні

2023 жылдың 17-ші қараша күні «Самұрық-Қазына» АҚ осы жылға арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Ашық есік күні» өтті.

Кездесуді Қарақия ауданы Мұнайшы ауылының №7 мектебінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің Өрт қауіпсіздік қызметі, «Семсер Өрт-сөндіруші» ЖШС бірлесе отырып оқушылар арасында ұйымдастырды. Шараға 9-10-11 сынып оқушылары қызығушылықпен қатысты.

Оларға мектептегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау және өрт кезінде эвакуациялау туралы нұсқаулықтар айтылып, өрт сөндіру көлігіндегі өрт сөндіру құралдарымен толық танысты.

Сондай-ақ, тыныс алу аппараты және өрт сөндірушілердің жауынгерлік киімі де киіп көрсетілді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Өрт қауіпсіздік қызметінің оқтаушысы А.Қ. Итешов оқушыларға алғашқы өрт сөндіру құралын (ұнтақты өрт сөндіргіш) пайдаланудың қыр-сырын көрсетіп, өрт сөндіргішті тәжірибе жүзінде қолдануды үйретті. Кездесу соңында оқушыларды қызықтырған сұрақтарға жауап берілді.

Өрт қауіпсіздік қызметі



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Еңбек адамы

# Жаныңда жүр жақсы адам

**Ел ішінде жақсы ісімен, еткен еңбегімен көпшіліктің құрметіне бөленіп жүретін азаматтар болады. Олардың кейбіреуін күллі ел таныса, тағы бірін өзі туып-өскен өңірі мен қызмет етіп жүрген ұжымы ғана біледі. Бірақ бұл адамгершілікті ту еткен азаматтардың беделі мен халқына сіңірген еңбегін бір мысқал да кемітпек емес. Бүгін біз тілге тиек еткелі отырған Тілесова Тілектес Қосынбайқызы сондай көпке үлгі боларлық жан.**

Ол - қазақтың кемеңгер ұлы Әбіш Кекілбаев балалық кезеңін өткізген, тарихы терең Таушық ауылында дүниеге келді. Туған жерінде өріс кеңейтіп, өмір өзгерткенге дейінгі шаттыққа толы күндері әлі есінде. Әкесі Тілесов Қосынбай сонау қиын-қыстау кезеңдерде наубайханада, кейін мәдениет үйінде контролер болып жұмыс жасап, адал еңбекпен асырап бақты. Анасы Ұлтөре апай да жұмыстың қайсысынан да қаймықпай атқара жүріп, балаларының бабын да таба білді.

Осындай еңбекшілер жанұясында 1972 жылы ақпанда Тілектес он екі баланың он біріншісі болып дүниеге есігін ашты. Атақты дүлдүлдер шыққан «Шахта» орта мектебін тәмамдады. Мектеп бітіргесін ата-анасы алысқа жібергісі келмей, Жаңаөзендегі мұнай-газ техникумына мұнай-газ ұңғымаларын әзірлеу және пайдалану мамандығы бойынша оқуға түсірді. Оқуды абыроймен аяқтап, сол кездегі мұнайдың қарашаңырағы «Комсомольскнефть», қазіргі – «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасына жолдамамен келді. Ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехындағы операторлық жұмыс кеше келген балауса қызға үлкен өмір жолының алғашқы баспалдағы болды. Өндіріс табалдырығын аттағанда

басынан сипай қарсы алған ұстазы Әния Ізбасарова, адамды адам ететін, тәндік және рухани тұрғыдан жетілдіре түсетін әрекет – еңбек екенін шын ұқтырды. Сол арқылы жас маман Тілектестің бойында жасампаздық қабілетін оятып, үлкен мақсатқа жетеледі. Өн бойында белсенділік, сыйластық, өзгеге көмекке келу секілді өзі үшін де, өзге үшін де жақсылық болып табылатын ізгі тұстарының оянуына ықпал ете білді. Сондықтан да ұстазын әлі күнге рухани анам әрі ұстазым деп ерекше жылулықпен еске алады.

Қазіргі таңда бірінші МГӨБ басқару пультінің операторы болып жұмыс жасауда. Атқаратын қызметі – мұнай өндірудің технологиялық процесін жүргізу және автоматика құралдарының көмегімен мұнай, газ өндіруді өлшеудің технологиялық процесін қашықтықтан басқару. Ол дегеніміз әр ұңғыманың тарихына қарап отырып, ұңғымалардан және топтық өлшеу қондырғыларынан ақпарат жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру деген сөз. Мысалы ұңғыманың көрсеткіштері компьютерде екі сағат сайын бегунок сияқты ауысып отырады. Сол ұңғыманың геологтар тарапынан белгілеген тоқсан сайын мұнай өндіру мөлшері бар. Егер ол жоспар орындалмай жатса, компьютерден



арнайы анықтап, шеберге тапсырма беріледі. Ол өз кезегінде операторға тапсырма беріп, олар сол уақытта себебін түсіндіріп, қажетті шара қолданады. Яғни, қолданыстағы ұңғымалар қорының жұмысын басқару пульті және қызмет көрсететін операторлардың ақпараты арқылы бақылауды жүзеге асырып, ол туралы Орталық технологиялық қызметке авариялық жағдай туралы ақпаратты дайындауды және беруді жүзеге асырып отырады. Жұмыстың нәтижелі болуы – ауызбіршілік пен ынтымақта деп білетін ол ұжымдастары арасында да зор беделге ие.

«Қазақтың қыздары көрікті, көріктілігімен қоса бөрікті» - деген сөз әрдайым жадында. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін өндіріс саласында еңбек еткеніне 32 жыл болды. Бұрын «ерлерге ғана лайықты ауыр жұмыс» саналатын саланы меңгеріп, маңызды әрі жауапкершілікті талап ететін жұмыстарды атқарып жүрген Тілектес апа да мұнай өнеркәсібі саласындағы жұмысының жақсы нәтижесі еліміздің экономикасына қосқан теңіздей іске тамшыдай болса да үлесі болып жатқандығына сенеді.

Жұмыстан демалыс кезінде Тілектес апа табиғаттың төрт мезгіліндей іштегі алуан-алуан ойлардың тоқтаусыз ағысының үнін кейде сиясы кеппеген қаламмен, кейде қолөнер туындыларымен шығаратыны бар. Өмірдің өзіндей бірде мұңды, бірде қажырлы, бірде нұрлы, бірде сабырлы өз әлемімен сарқыла сырласып, әңгіме-сұхбат құрып отырып талай туынды шығарды. Ол өзін тігіннің сара жолына түскен адам емеспін, менікі жәй әуесқойлық десе де оның қолынан шыққан қазақи нақыштағы семкелер, үкілі кәмшат бөріктер, сырлы кәжекей мен жастарға арналған этно киімдер көздің жауын алады. Ол өскелең ұрпаққа қазақ халқының салт-дәстүрлерін, қазақи нақыштағы ұлттық киімдерін насихаттауды өз өміріне бағдар етіп, әрқашан айналасына үлгі бола жүріп, замандастары мен әріптестері, балаларына рухани жағынан толысқан адамның қандай болатынын дәлелдеп жүрген ана.

- «Мақсатым қазақ деген ұлттың қазақи нақыштағы киімдерін жастардың

талабына сай заманауи стильде, әрі қолжетімді бағада шығару. Әр тапсырысқа ерекше қарап, бір туындымды қайталамауға тырысамын. Мен қай туындыма да арнайы баға қойып, талап еткен емеспін. Бұл бастапқы туындыларым болғандықтан, егер де болашақта қатты сұранысқа ие болып жатса, солардан түскен қаржыны қарттар үйі немесе балалар үйіне, мешітке қайырымдылық мақсатта аударып тұрғым келеді, - дейді кейіпкеріміз. Кім көптің қамын ойлап, көпшіліктің мүддесіне қызмет етуге ұмтылса – ол ішкі жоғары мәдениеттің көрінісі десе болады. Халықтың жоғын іздеп, барын асқақтату екінің бірінің қолынан келе бермейді. Яғни Шәкәрімнің айтқанындай «Бәрін, нәрін тірлігінде беріп, ғибратты із қалдыруға» ұмтылсам дейді. Тілектес Қосынбайқызының бұл ниеті шын құрмет пен мадаққа лайық дей аламыз.

Ол сондай-ақ, бос уақытында туған өлкеміздің тарихи жерлерін аралағанды ұнатады. Отаншылдық, ең алдымен өз өлкеңнің тарихи тек тамырын, ғұмыр-жолын, қадір-қасиетін терең білу деп біледі. – «Маңғыстау өзінің терең тамырлы тарихымен де, соқтықпалы-соқпақты ғұмыр жолымен де, мейлінше толымды мәдени-рухани төлтума болмысымен де кез келгенімізді мерейлендіруге тиіс», – дейді ол.

Ол отағасы Мұқатаев Айту ағамен өмірде де, өндірісте де қол ұстасып келе жатқан жарастықты жанұя. Өмірлерінің жалғасы, екі қызғалдағы Перизат пен Қарақат бүгінде Астана қаласында сәулет дизайны және киім сән үлгісі мамандықтары бойынша жоғары білім алуда. Тілектес апа өзі шықпаған биікке осы балаларым шықса екен деп армандайды. «Қазақта «Арыстандай күшің болса да, құмырсқадай ісің болсын» деген ұлағатты сөзі бар. Бұл сөздің түп-төркіні - қанша мықты болсаң да тырбанып, тынымсыз еңбек ет дегенді білдірсе керек. Осы сөздің толықтай үдесінен шығып келе жатқан Тілектес апаның да алдағы уақытта жоғары асуларды бағындырып, армандары орындала берсе деген тілегіміз бар.



# Еңбекқор жан - ел тірегі

**Еңбек адамдарын көзбен көріп, дидарласып, оларды ел-жұртқа таныту – біздің жұмысымыздың бір бағыты десек болады. Сол мақсатта бүгін «Қаламқасмұнайгаз» кенорны, технологиялық сұйық дайындау бөлімшесінің шебері Жаңбыров Оңайбай туралы сөз қозғағымыз келіп отыр.**



Маңғыстау топырағында дүниеге келіп, қазыналы өлкенің дамуын да, тоқыраған жылдарын да көз алдынан өткізіп, өзі куә болған Оңайбай Тілегенұлы - қайта құрудың қиындықтарын, Тәуелсіздіктің қаз басып, қалыптасуын жалындап тұрған жас жігіт болып қарсы алса, бүгінде толысқан азаматтың жасына келіп – Жаңа Қазақстанның дамуы мен өзгерістеріне куә болып отырған жайы бар. Мектепті туған ауылы Шетпеден тәмамдап, Отан

алдындағы борышын өтеуге аттанды. Кейін Челябинск қаласындағы геологиялық-барлау техникумына оқуға түсіп, оны абыроймен аяқтады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейтін қазақи қағиданы Оңайбай Жаңбыров өскен босағадағы тәлім-тәрбиеге қарап-ақ бағамдауға болады. Әкесі Тілеген - бүкіл саналы ғұмырын Маңғыстау геологиялық-барлау экспедициясына арнап, Қосбұлақ ауылындағы базада басшылық қызмет атқарды. Анасы Ақбілектің де

күш-жігері – сол геологиялық-барлау экспедициясында қатардағы жұмысшы міндеттерін атқарумен бірге, сегіз баланы өсіріп жетілдіруге толықтай жетті. Бүгінде ағайынды Жаңбыровтар әулетінің өрісі кеңейген, үбірлі-шүбірлі. Барлығы да осы мұнай саласының бір-бір тұтқасын ұстаған айтулы азаматтар деуге әбден болады.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында бұрғылаушының көмекшісі болып еңбек жолын бастаған Оңайбай Тілегенұлы, 1997 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасына ауысып геолог, инженер-технолог, аға шебер, кейін техноло-

гиялық сұйық дайындау бөлімшесінің шеберіне дейінгі жолдармен жүріп өтті.

Оңайбай ағаның қызметімен жақын танысу үшін сөзге тартқан бізге ол технологиялық сұйық дайындау бөлімшесінің жұмысы туралы жіті баяндауға көшті:

- Біздің бөлімше мұнай өндіру ісінде мұнай қабаттарының өнімділігін арттыру үшін пайдаланылатын технологиялық сұйықтарды қабат қысымын ұстау цехына дайындап берумен айналысады. Күн сайын өзімізге міндеттеліп берілген 27 ұңғыманың жай-жапсарын бастан-аяқ тексеріп, өндірістік процестің тоқтап қалмауына барынша жағдай

жасаймыз. Ұжымда әрбіреуі 15 адамнан құралған, 4 бригада еңбектің қырманын қыздыруға, яғни мұнай өндіру ісіне үлес қосудамыз, - дейді білікті маман.

Бала кезден өз ісіне ұқыптылықпен қарап, қажыр-қайратын тәжірибемен ұштастыра білген азамат ұжымында абыройлы. 30 жылға жуық еңбек жолында сүрінген емес. Бүгінде Оңайбай Жаңбыров пен жары Мәдеш Маулимова отбасында 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отырған жарастықты жанұя. Сондай-ақ, адал еңбектің ұшпаққа шығаратынын дәлелдеген жандар!

**А.Ақшаева**



## ЖҰМЫСШЫҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

# SRS 2023

### Зерттеудің мақсаты:

"САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА" АҚ ӨНДІРІСТІК ЖҰМЫСШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

**Сауалнаманы өткізу мерзімі:**  
қараша соңы-желтоқсан айлары, 3 апта аралығында

**Сауалнаманы толтыру уақыты:**  
15-20 минут  
Сауалнаманы өзіңізге ыңғайлы уақытта өтуге болады

**Сауалнама тілі:**  
Қаз, Рус, Eng

Сауалнаманы өзіңізге ыңғайлы тілде өте аласыз және көз-көлген кезінде тілді жағдайы оң жақта ауыстыру мүмкіндігі бар

**Сіздің пікіріңіз біз үшін өте маңызды!**  
Сауалнамадағы барлық сұраққа жауап беруіңізді өтінеміз. Сауалнама нәтижесіне барлық сұрақтарға толық жауап берген респонденттер ғана есепке алынады.

**1** Қызметкер сауалнама сілтемесі бар SMS алады

**2** Телефон нөміріңізді енгізіңіз

**3** Кодты енгізіңіз

**4** Сұрақ

**5** САУАЛНАМА АЯҚТАЛДЫ

**1** Телефон нөміріңізді енгізіңіз

**2** Кодты алу

**3** Кодты енгізіңіз

**4** Жауабыңызды енгізіңіз

**5** Қоңырау: +8 800 080 30 30, Ватсап: +8 702 075 30 30

**1** Онлайн-сауалнама

Қызметкердің мобильдік нөміріне сауалнама сілтемесі бар SMS хабарламаны жіберу арқылы

**2** Телефондық сауалнама

Онлайн-сауалнамаға қатыспағандар немесе жартылай толтырғандар арасында

**SRS 2023 зерттеуі ЕКІ КЕЗЕҢДЕ ӨТКІЗІЛЕДІ:**

**САУАЛНАМА ҚАТАҢ ҚҰПИЯЛЫ.**  
АЛЫНҒАН БАРЛЫҚ МӘЛІМЕТ ТЕК ЖАЛПЫЛАМА ТҮРДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН БОЛАДЫ

**КазМұнайГаз**  
НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ

Әлеуметтік желілердегі парақшаларымызға жазылыңыз!

Подписывайтесь на аккаунты АО «Национальная компания «КазМунайГаз» в социальных сетях

[www.kmg.kz/](http://www.kmg.kz/)

**Тұрақты айдарларымыз**

- #ҚМГадамдары
- #KMGDynasty
- #KMGPodcast
- #ҚалайЖұмысстейді
- #KMGFacts
- #МұнайТілінде
- #БілгенгеМаржан
- #АтаулыКүн
- #Викторина
- #ЖасылБастама
- #ҚазақМұнайыныңТарихы

## Жаңа жоба – жаңа серпін



Маңғыстау – бойында не ағынды суы, не тұщы сулы көлі жоқ шөлді аймақ. Ғасырлар бойы тұщы судың тапшылығынан ең өзекті болған халықты ауыз сумен қамту мәселесі халық саны өскен сайын күн тәртібінен түспей келеді. Осы су тапшылығын жою мақсатында Тоқмақ мүйісінде жатқан Кендірлі демалыс аймағында теңіз суын тұщыту зауытын салу жобасы жүзеге асырылуда.

Маңғыстаудағы көркем аймақтардың бірі саналатын мүйістің тарихи құндылығы да бар. Ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде бұл маңнан энеолит дәуіріне жататын тұрақ табылған. Жағалаудағы биік жардан төмен түскен адамды табиғаттың таңғажайып көрінісі күтіп тұрады. Табиғи әсемдігі қаншалық көз тартқанмен, адам қолы тимеген, тіршіліктің белгісі байқалмаған жер — бәрібір бедеу дүние. Адам игілігіне айналған соң ғана Жер-ана нағыз ажарына кірмек.

Жігерлі еңбек құдіретін тағы да танытқан «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмыскерлері жобаның басты бөлігі бойынша екінші және үшінші сорғы стансалармен бірге екі тармақты ұзындығы 200 шақырымдай болатын

«Теңіз суын тұщыту зауыты – Жаңаөзен» магистралдық су құбырының құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауды бастады. Су тұщыту зауытының жобалық қуаты тәулігіне 50000 м<sup>3</sup> құрайды, сәйкесінше су құбырының өнімділігі тәулігіне 50000 м<sup>3</sup> болады. Бұл Жаңаөзен қаласы халқының ауыз суға деген қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жол, көпір салу сауапты іс болса, тіршіліктің көзі - ауыз су тасымалдайтын құбыр салудың маңызы өте зор екені анық. Сондықтан тынымсыз еңбекті ту еткен



құрыштай қайратты жігіттер мұнда бар ынта-жігерімен жұмыс істейді. Әрине тың жерге түрен салу қашан да қиын. Оған күш-жігер мен жүрек керек. Өйткені тыңға түрен салу маңдай тер мен уақытты ғана емес, жүйелі жоспарды қажет етеді. Адамның қолы тисе, назары ауса, алынбайтын асу, бағынбайтын белес жоқ емес пе?!

Еңбек өнімділігін ұлғайту, ұйымдастыру, басшылық жасау жұмыстарының қазіргі заман талабына сай жүргізілуіне жауапты, қарбалас тіршіліктің бел ортасында жүрген Мұрат Тоқпақов басшылық ететін

жобада өз адам ресурстарымыз жұмылдырылған. Құбырларды төсеу, монтаждау және бірінші және екінші желідегі орларға топырақты қайта толтыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бүгінгі күні 15126 метр ор қазылып, 10896 метр құбыр монтажданды. Құрылыс кезеңінде қажетті алып арнайы техника және көлік құралдары жұмысқа тартылды. Құрылыс объектісінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті, қоршаған ортаны қорғау шараларына басты назар аударылып, жіті қадағалануда. Сонымен қатар жұмыс жүретін жердегі қызметкерлеріміздің әлеуметтік жай-күйін қалыптастыру да үнемі бақылауда.

Өңіріміз үшін жаңа серпін болған су тұщыту зауытының құрылысы - Мемлекет басшысының Жаңаөзен қаласының тұрғындары үшін ауыз су тапшылығы мәселесін түбегейлі шеше отырып, сапалы әрі қысқа мерзімде орындалуы тиіс деген тікелей тапсырмасы аясында жүзеге асып жатқан жоба. Сондықтан құрылыс-монтаждау жұмыстарын діндеген мерзімде аяқтап, ерен еңбек жеңісіне куә болатынымызға сенім мол.

**А. Есбосын**  
«Oil Construction Company» ЖШС



## Қызылша туралы не білу керек?

**Қызылша** - бұл өте жұқпалы жедел вирустық ауру, ол ауа тамшылары арқылы таралады және ауыр асқынулар мен өлімге әкелуі мүмкін.

Кез-келген адам қызылшамен ауыруы мүмкін, бірақ бұл көбінесе балаларда кездеседі.

Қызылша тыныс алу жолдарын зақымдайды, содан кейін бүкіл денеге таралады. Симптомдарға дене температурасының жоғарылауы, жөтел, және бөртпе жатады.

Қызылша және оның жұғуының алдын алудың ең тиімді жолы – вакцинация. Вакцина қауіпсіз және денеге вируспен күресуге көмектеседі.

### Қызылшаның белгілері:

Қызылша белгілері әдетте вирус жұқтырғаннан кейін 10-14 күннен кейін пайда болады. Қызылшаның ең байқалатын симптомдары - айқын бөртпе.

Ерте белгілері әдетте 4-7 күнге созылады. Оларға мыналар жатады:

- мұрыннан су ағу;
- жөтел;
- көздің қызаруы және көздің жастығы;
- жақтың ішкі бетіндегі кішкентай ақ дақтар.

Бөртпе вируспен байланысқаннан кейін шамамен 7-18 күннен кейін пайда болады, әдетте бет пен мойынның үстіңгі жағында. Ол шамамен 3 күн бойы таралады, соңында қолдар мен төменгі аяқтарға шығады. 5-6 күннен кейін бөртпе элементтері бозарып, жоғалады.

Қызылшадағы өлім-жітімнің көпшілігі осы аурумен байланысты асқынуларға байланысты.

Қызылшаның асқынулары мыналарды қамтуы мүмкін:

- соқырлық;
- энцефалит (мидың ісінуіне және церебральды бұзылулардың ықтимал дамуына әкелетін инфекция);
- ауыр диарея және онымен байланысты дегидратация;
- құлақ инфекциялары;
- ауыр тыныс алу проблемалары, соның ішінде пневмония.



Жүктілік кезінде қызылша ауруын жұқтыру ана үшін қауіпті болуы мүмкін және шала туылған, салмағы төмен нәрестенің туылуына әкелуі мүмкін.

Көбінесе асқынулар 5 жасқа дейінгі балаларда және 30 жастан асқан ересектерде дамиды. Олар дұрыс тамақтанбаған балаларда, әсіресе АИТВ-инфекциясы немесе басқа ауруларға байланысты А дәрумені жетіспейтін немесе иммундық жүйесі әлсіз балаларда жиі кездеседі. Қызылша иммундық жүйені де әлсіретеді және денені инфекциялардан қалай қорғауға болатынын "ұмытып" кетуі мүмкін, бұл балаларға өте үлкен қауіп төндіреді.

### Қауіп-қатер тобына кімдер жатады?

Иммунитеті жоқ кез келген адам (вакцинацияланбаған немесе вакцинацияланған, бірақ иммунитет қалыптаспаған) инфекция қаупіне ұшырауы мүмкін. Вакцинацияланбаған жас балалар мен жүкті әйелдер қызылшаның ауыр асқыну қаупіне ұшырайды.

### Инфекцияның таралуы:

Қызылша - мұрыннан немесе тамақтан (жөтелгенде немесе түшкіргенде) жұқтырған секрециялармен байланыста немесе қызылшамен ауыратын адам дем алатын ауаны жұтқанда таралатын әлемдегі ең жұқпалы аурулардың бірі. Вирус ауада немесе жұқтырған беттерде екі сағатқа дейін белсенді және жұқпалы болып қалады. Бұл оны өте жұқпалы етеді

және қызылшаны жұқтырған бір адам онымен тығыз қарым-қатынаста болған егілмеген 10 адамның 9-ын жұқтыруы мүмкін. Қызылша вирусын жұқтырған адам бөртпе пайда болғанға дейін 4 күн бұрын басталып, бөртпе пайда болғаннан кейін 4 күннен кейін аяқталатын уақыт аралығында жұқтыруы мүмкін.

Қызылшаның өршуі, әсіресе дұрыс тамақтанбаған жас балалар арасында ауыр асқынулар мен өлімге әкелуі мүмкін. Қызылша негізінен жойылған елдерде басқа елдерден әкелінген аурулар инфекцияның маңызды көзі болып қала береді.

### Емдеу:

Қызылшаны емдеудің нақты әдісі жоқ. Күтім симптомдарды жеңілдетуге, пациентке қолайлы жағдай жасауға және асқынулардың алдын алуға бағытталуы керек.

Суды жеткілікті мөлшерде ішу және дегидратацияны емдеу диарея мен құсу кезінде жоғалған сұйықтықтардың орнын толтыруы мүмкін. Сондай-ақ дұрыс тамақтану маңызды.

Пневмонияны, көзді және құлақ инфекциясын емдеу үшін антибиотиктер тағайындалуы мүмкін.

Қызылшамен ауыратын барлық балаларға немесе ересектерге 24 сағат аралықпен екі дозада А дәрумені ішке қабылданады. Бұл емдеу А дәрумені тапшылығының орнын толтыруға көмектеседі, ол тіпті қалыпты тамақтану жағдайы бар балаларда да кездеседі. Бұл көру қабілетінің бұзылуы мен соқырлықтың алдын алуға көмектеседі. А дәрумені қосымшасы қызылшадан өлім-жітімді азайтады.

### Профилактика:

Қызылшаның алдын алудың ең тиімді жолы – халықты вакцинациялау. Барлық балалар қызылшаға қарсы вакцинациялануы керек.

Егер қызылша белгілері анықталса, жұқпалы аурулар дәрігерінің тексеруі үшін жедел жәрдем шақыру керек.

**Аман Марат Қобыландыұлы**  
ТОО «Neiron-med» дәрігер-эпидемиолог

# Бережливое производство - маленькие шаги для больших целей

Современные компании сталкиваются с необходимостью постоянных улучшений под диктовку рыночных условий. ТОО «Ойл Транспорт Корпорейшн» активно применяет методы бережливого производства для улучшения общей культуры компании. Этот подход направлен на увеличение безопасности на производстве и внутри организации, сделав ее более гибкой, ориентированной на достижение результатов и способствующей росту и развитию сотрудников.

## Стандартизация производственных процессов через Карта пошагового выполнения операции (КПВО)

Внедрение карт пошагового выполнения операций в ОТК становится ключевым фактором, оптимизируя работу персонала, повышая надежность оборудования и уменьшая риски. Важно подчеркнуть, что активное участие и вовлеченность персонала играют решающую роль в этом процессе.

Недельное наблюдение шестерых сотрудников ОТК за операциями ТО-1 и ТО-2 выявило разнообразие в исполнителях, последовательности действий и времени выполнения. Это подчеркнуло необходимость разработки КПВО, что стало ключом для успешного внедрения системы «Бережливого производства».

Результаты внедрения КПВО на рассмотренную операцию отражают важные изменения:

✓ время на выполнение операции сократилось на 16% от нормативного;

✓ повысилась безопасность выполнения операции;

✓ ушли от незаемности работников.

Это произошло благодаря обучению и вовлечению владельцев процессов, что подтверждает их заинтересованность в дальнейшем применении этой методики. Создание рабочих групп для разработки КПВО на всех участках - важный шаг для продвижения этой стратегии на предприятии."



Рисунок №1.  
Часть примера разработанного КПВО для проведения технического обслуживания ТС

## Система 5S

Для стандартизации рабочих мест мы успешно применяем систему 5S, являющуюся ключевым инструментом бережливого производства. Она представляет собой пять простых принципов организации рабочего пространства, включая сортировку, самоорганизацию, систематическую уборку, стандартизацию и постоянное совершенствование. Эти принципы позволяют извлекать максимальную выгоду из имеющихся ресурсов и значительно улучшают производственные процессы. Мы выбрали «Моторное отделение» в качестве пилотного проекта.



Рисунок №2. Внедрение шагов 1S, 2S согласно системе 5S в «Моторном отделении»

Для увеличения производительности и переориентации мышления сотрудников на принципы бережливого производства, мы заменили неудобные верстаки на инструментальные стенды. Они способствуют быстрому и удобному доступу к инструментам и комплектующим.



Рисунок №3. Залили надежное напольное покрытие

Появилось устойчивое к большим нагрузкам от ударов, вибрации и изгиба. Появилась возможность реализации визуального менеджмента и соблюдение частоты на рабочих местах.

## Развертывания процесса сбор подач Кайдзен-предложения

Нам важно, чтобы каждый член нашей команды почувствовал свою важность в слаженной системе «Кайдзен». Мы демонстрируем, как творческая энергия рационализаторов становится силой многотысячного коллектива. Около четверти предложений, поступающих от рядовых работников, технического характера, но наши бланки также включают улучшения в условиях и безопасности труда, контроле процесса, экономии ресурсов, передаче информации и создании имиджа компании.



Рисунок №4. Идея удлинить смотровую яму для размещения более 1-го транспортного средства. Производительность рабочего места увеличилось 2-хкратно



Рисунок №5. Идея приобрести кантователь для двигателя. Длительность ремонта ДВС сократился в 1,5-раза. За счет исключения лишних движений и транспортировок.

Для очистки воздушных фильтров от накопившейся пыли, мусора и других загрязнений водителем а/к №1 Кобжанов Сарсенбаем было внедрено приспособление для продувки воздушных фильтров. Оно работает на основе сжатого воздуха, создавая сильный поток, который выдувает пыль из фильтра, восстанавливая его эффективность. Регулярная очистка воздушных фильтров помогает сохранить их работоспособность и продлевает срок службы на 15-25%.

## Внедрение Lean Six Sigma проектов

«Lean Six Sigma - метод управления качеством, объединяющий принципы Lean Production и Six Sigma. В автомобильной и логистической индустрии его внедрение играет ключевую роль в улучшении процессов, сокращении отходов, повышении качества и производительности.

После проведения аудита текущих процессов были выделены 5 ключевых тем для реализации проектов Six Sigma/A3:

1. Оптимизация процесса мойки транспортных средств: сокращение времени и повышение качества.
2. Обеспечение своевременной поставки ТМЦ.
3. Снижение вероятности повторного ремонта.
4. Улучшение качества ТО-1 и ТО-2.
5. Оптимизация работы отдела снабжения.

### Проект №1 «Снижение времени и повышение качества процесса мойки ТС»

Проблема/ возможность для улучшения:

1. Жалобы клиентов на чистоту транспорта.
2. Неустойчивая производительность из-за отсутствия нормативов
3. Неясная ответственность участников

На текущий момент, достигнуты следующие результаты в рамках проекта:

1. Устранение жалоб клиентов.
2. Повышение производительности с 28 до 44 машин в день.
3. Внедрены стандарты качества выполнения операции

### Проект №2 «Проект по своевременному обеспечению ТМЦ»

Проблема/ возможность для улучшения:

1. Несвоевременная доставка ТМЦ от поставщика

На текущий момент, достигнуты следующие результаты в рамках проекта:

1. Случаи несвоевременности доставки ТМЦ от поставщика снизилось с 40% до 20%

### Проект №3 «Проект по снижению вероятности повторного ремонта»

Проблема/ возможность для улучшения:

1. В 2022 году за декабрь средний КТГ составляет 0,87(87%) в то время, как в том же году за май месяц средний КТГ 0,95(95%). Отклонение между макс и минимум значениями более 0,08 (8%).

На текущий момент, достигнуты следующие результаты в рамках проекта:

1. Разработан и внедрен классификатор по ремонту в программе 1С для систематизации и упорядочивания данных о ремонтах, облегчая их учет и анализ

### Проект №4 «Проект по повышению качества ТО-1, ТО-2»

Проблема/ возможность для улучшения:

1. Наличие жалоб со стороны водителей ОТК на качество выполняемых ТО-1, ТО-2 участком РММ, так как отсутствуют стандарты выполнения ТО-1, ТО-2.

На текущий момент, достигнуты следующие результаты в рамках проекта:

1. Длительность ТО-2 для больших автобусов с участием водителей сократилась с 16 до 8 часов, а для малых автобусов - с 8 до 2 часов. Экономический эффект после исключения водителей из технологии проведения ТО-2 составляет более 10,4 млн.тнг в год.

### Проект №5 «Проект по улучшению деятельности отдела снабжения» в процесс реализации

1. Улучшить функциональность отдела материально-технического снабжения (ОМТС)

На текущий момент, достигнуты следующие результаты в рамках проекта:

1. В процессе пересмотра организационной структуры с учётом распределения функций

Мы планируем продолжать наши проекты и в следующем году. Оптимизировать процессы и повышать эффективность операций, используя методы бережливого производства.

## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

## MMG CUP - 2023

**В рамках 60-летия АО «Мангистаумунайгаз», продолжаются спортивные игры MMG CUP – 2023, турнира, в котором участвуют нефтяники из разных компаний региона.**

На месторождении Каламкас с 6 по 8 ноября прошли соревнования по мини-футболу, в которых участвовали 10 команд, разбитых на две группы.

В группе А первое место заняли футболисты АО «Мангистаумунайгаз»,

выигравшие на групповом этапе все свои матчи, вторыми финишировали спортсмены ТОО «ОСС». В другой группе первое и второе место завоевали команды «Дунай» и ТОО «ОСС» соответственно. Эти четыре спортив-

ных коллектива и разыграли между собой путевки в финал.

В первом полуфинале «Мангистаумунайгаз» со счетом 8:1 разгромил соперников из ТОО «ОСС». В другом матче плей-офф нефтяники «ОСС» одержали трудовую победу над командой «Дунай» - 4:3.

В финальном матче команда «Мангистаумунайгаза» подтвердила свой класс одержав победу над футболистами «ОСС» со счетом 4:1. Таким образом, команда «Мангистаумунайгаза» завоевала главный трофей турнира, не проиграв ни одного матча.

По итогам соревнований были определены лучшие футболисты в индивидуальных номинациях:

- Лучший игрок – А.Кадыр (ТОО «ОСС»);
- Лучший вратарь – Ж.Амантай (ТОО «БТҚ»);
- Лучший защитник – Ж.Сайынов (ТОО «АКТС»);
- Лучший бомбардир А. Нурмагамбетов (АО «Мангистаумунайгаз» – 9 голов).


20-21 ноября на месторождении Каламкас состоялись соревнования по волейболу среди мужчин. Команды АО «Мангистаумунайгаз», ПУ «Каламкасмунайгаз», ТОО «ОСС» и ТОО «БТҚ» встречались между собой по круговой системе.

В итоге победителем турнира стала команда «Мангистаумунайгаза» выигравшая все свои поединки, второе место заняли нефтяники ТОО «ОСС», бронзовые медали завоевали волейболисты ТОО «БТҚ».

Победители в индивидуальных номинациях:

- Лучший либеро – Е.Утеулиев (ТОО «БТҚ»);
- Лучший нападающий – К. Эжимов (ТОО «ОСС»);
- Лучший связующий – Н.Элубаев (АО «Мангистаумунайгаз»).

Все победители и призеры мини-футбольного и волейбольного турниров получили денежные призы, дипломы и медали.



**МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ**  
 Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ  
 Редактор: Есназар Сұлтанов  
 Редакция алқасы: - С. Галидуллин  
 - А.Ақшаева  
 Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
 130000, Ақтау қаласы  
 6 ш.а., № 1 үй,  
 тел:  
 212-035, 211-861  
 211-885, 212-194

Газет айына 1 рет  
 шығады.  
 Тегін таратылады

Газет ҚР  
 Мәдениет және  
 ақпарат  
 министрлігінде  
 есепке  
 қойылып,  
 № 9675 - Г  
 куәлігі берілген

▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
 ▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
 ▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
 Индексі: 64265

"ADVER" ЖШС  
 баспаханасында  
 басылды.  
 Ақтау қаласы,  
 3-Б ш/а, 55/1 ғим.  
 тел: 8(7292)507000